

23 қараша күні 8 - 11 оқушылар арасында І қалалық «Бейімбетті білмек нарыз» атты Б.Майлин оқулары өткізілді. Б.Майлин оқуларының мақсаты – жазушының тарихи және әдеби мұрасымен таныстыру, насихаттау, шығармашылық зерттеу, ғылыми қабілеттерін арттыру, әдеби тіл байлығын кеңейту, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту, шығармашылығының рухани құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіру. Осы іс шараға біздің мектептен 10-сынып оқушысы Қозыбаева Назерке, 9-сынып оқушысы Ибраева Сабина қатысты.

Ибраева Сабина «Өмірді шынайы өрнектеген тұлға» эссе жазу номинациясына қатысып 3 орын алды.

Қозыбаева Назерке «Бейімбетті білмек парыз»-жазушының еңбектері бойынша шығармашылық зерттеу жұмыстары номинациясына қатысып грамотамен марапатталды.

Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Игисина Айткуль Сержанқызы, Дайырова Айжан Изтолеуқызы оқушыларды дайындап, осындай жетістіктерге жеткізді.

